

АНА ТІЛІ

Ұлт Таза тілі

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Тарихи атауларды қалпына келтірейік

Жуырда Торғай өңіріндегі Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының базасында «Торғай өңірінің тарихи топонимикасы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Конференция институт ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор Сейітбек Қуанышбаевтың кіріспе сөзімен ашылды.

Жиын барысында Қостанай облысы әкімдігі Тілдерді дамыту басқармасының басшысы Жанболат Үмбетов, Арқалық қаласының әкімі Ғазиз Бекмұхамбетов сөз сөйледі. Торғай өңірінің тарихи топонимикасы жөнінде ой өрбіткен ғалымдар өзекті мәселелер туралы ойларымен бөлісті. Атап айтқанда, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Бекжан Әбдуәлиұлы «Біртұтас қазақ топонимикасы және Торғай өңірі» тақырыбында баяндама жасаса, «Сарыарқа топонимдерінің қалыптасуының тарихи-географиялық ерекшеліктері» тақырыбында Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің докторанты Айгүл Егінбаева, «Жер тарихы – ел тарихы» тақырыбында А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ-дің профессоры, А.Байтұрсынұлы атындағы мұражайдың директоры Қалқаман Жақып ой қозғады.

Жер тарихы – ел тарихы екені белгілі. Қазақ даласының тарихы қаншалықты терең болса, осы жердің атаулар тарихы да соншалықты терең екені анық. Жиынға қатысушылардың зерттеулері мен ғылыми жобаларында жер-су атауларының қалыптасу кезеңдері жан-жақты зерделенгені байқалды. Бүгінгі таңда елімізде өңірлік топонимикаларға байланысты көптеген зерттеулер жүргізілуде. Ономаст-ғалымдардың, өлкетанушылардың ғылыми еңбектері жарық көруде. Уақыт пен кеңістік аясында белгілі бір кезеңдерді қамтитын, халықтың тарихымен тығыз байланысты болып келетін атаулардың шығу тегі, сөз сыры және тағы да басқа мәселелерге үлкен назар аударылуда. Соның бір айғағы, Торғай өңірінде КСРО заманында өзгеріске ұшыраған атаулардың бастапқы, байырғы нұсқаларына байланысты да зерттеу жұмыстары қолға алынған.

Конференцияда әңгіме арқауына айналған осындай мәселелерге жан-жақты көңіл бөлініп, нақты шешімдер қабылдау жөнінде ұсыныс-пікірлер де көптеп айтылды. «Торғай аймағының жер-су атауларының шығу тегі» тақырыбында Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми қызметкері, өлкетанушы Шөптібай Байділдин, А.Иманов атындағы мемориалдық мұражайының ғылыми қызметкері Кәмшат Абжанова, Торғай мұражайлар кешенінің директоры Гүлбану Сәрсекей баяндамалары да мазмұнды шықты.

Конференцияның екінші бөлімінде «Торғай атаулары тарихы», «Торғай топонимикасының қазіргі келбеті» деп аталатын екі секция өз жұмысын бастап, баяндамалар талданды. Конференция аясында тілге тиек етілген мәселелерді, тарихи атауларды арнайы жинақ ретінде жарыққа шығару, үлкен ғылыми ізденіс жұмыстарына айналдыру жөнінде қаулы қабылданды.

Торғай өңірінің топонимикасы – мұқият зерттеуді қажет етеді. Түрлі ғылым саласында жүрген зерттеушілердің бір ортаға жиналып, келелі мәселе көтергені құба-құп.

Ғалымдардың зерттеу жұмыстарына осы мәселенің арқау болуы да тегін емес.

Шындығында, көп жылдардан бері өзінің шешімін таппай келе жатқан сан түрлі сауалдарға жауаптар да табылғандай болды.

Аманкелді аудандық ардагерлер алқасының төрағасы Балтабай Уахитов пен Арқалық қаласында тұратын зейнеткер Хамит Досжанов өз ұсыныстарын білдірді. Ел ағалары Аманкелді ауданынан КСРО кезінде 15 Социалистік Еңбек Ері шыққанын айтты. Алайда, бүгінгі буын осы кісілердің ешқайсысын білмейді. Олардың атына көше, мектеп, ауыл-аймақ аттарын беріп, еңбектері мен есімдерін насихаттау жұмыстары баяу жүріп жатқаны

да алаңдатарлық жағдай. Конференцияға қатысқан тарихшы, филологтар студенттерге тәрбиелік тағылымы зор баяндама жасай отырып, жастарға сенім білдіріп, үміт артты. Ендігі міндет сол – бабалардан қалған асыл мұралар мен туған өлкенің тарихын, жер-су атауларына қатысты мағлұматтарды жинастырып, этимологиялық, тарихи-географиялық тұрғыдан зерттеп, жасөспірімдердің назарына ұсынып, ономастика ғылымының өркендеуіне үлес қосу болмақ. Игі бастаманың болашағы жарқын боларына кәміл сенеміз.

Елдос ТОҚТАРБАЙ